

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
201_ жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық
Этил спирті**

Саудалық атауы
Этил спирті

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
Ерітінді 70 % және 90 %, 50 мл, 100 мл

Құрамы

1000 г препарат құрамында	90 %	70 %
<i>белсенді зат</i> - 95 % этил спирті -	913.0 г	665.0 г
<i>қосымша зат</i> - тазартылған су	87.0 г	335.0 г

Сипаттамасы

Өзіне тән спирт иісі және күйдіргіш дәмі бар, түссіз, мөлдір, оңай тұтанатын, көкшіл әлсіз жарық беріп, түтінсіз жалындап жанатын сұйықтық.

Фармакотерапиялық тобы

Тері ауруларын емдеуге арналған препараттар. Антисептиктер және дезинфекциялайтын препараттар. Антисептиктер және басқа да дезинфекциялайтын препараттар.

АТХ коды D08AX08

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Сыртқа қолданғанда тері және шырышты қабық арқылы ішінара сіңеді. Препарат метаболизмінде CYP2E1 изоферменті қатысады, ол индуктор болып табылады.

Фармакодинамикасы

Микробқа қарсы дәрі, жергілікті қолданғанда антисептикалық әсер етеді (микроорганизмдер ақуыздарын денатурациялайды). Грамоң және грамтеріс бактериялар мен вирустарға қатысты белсенді. Антисептикалық

белсенділігі этанол концентрациясының ұлғаюымен артады. Теріні зарарсыздандыру үшін 70 % ерітіндіні пайдаланады, ол иіткіш әсері бар 90 %-ына қарағанда эпидермистің терең қабаттарына теріге және шырышты қабаттарға жақсы сіңеді. Этанолдың тітіркендіргіш әсері оның липидтерде жеңіл еруімен және терінің терең қабаттарына жылдам сіңуімен тығыз байланысты.

Қолданылуы

Медициналық тәжірибеде этил спирті негізінен сүртінуге, компрессстерге арналған сыртқы антисептикалық және тітіркендіргіш зат ретінде қолданылады.

Қолдану тәсілі және дозалары

Тек сыртқа! Сыртқа – теріге мақта тампондар, сүрткілердің көмегімен жағады. Компресске арналған (күйдіруді болдырмас үшін) этанолды 1:1 (70%, 90%) арақатынаста сумен сұйылту керек.

Педиатрияда қолдану

Балалар жасында 1:4 (спирт және су) – 90% ерітінді үшін, 1:3 (спирт және су) – 70% ерітінді үшін компресске қолдануға болады.

Жағымсыз әсерлері

- аллергиялық реакциялар
- тері мен шырышты қабықтардың және тыныс алу жолдарының тітіркенуі, құрғауы мен күйіктері
- компресс жаққан жердегі ауыруы
- резорбтивті жалпы уытты әсер етуі мүмкін
- ОЖЖ бәсеңдету

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препаратқа аса жоғары сезімталдық

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Құрамында органикалық қосылыстары бар сыртқа қолдануға арналған препараттармен бір мезгілде қолданғанда ақуыздар денатурацияланады.

Айрықша нұсқаулар

Компресс үшін (күйдіруден аулақ болу үшін) этанолды 1:1 (70%, 90%) еселеп сумен араластырады.

Жүктілік және лактация кезеңі

Сақтықпен қолдану керек.

Балаларға

Балаларға компресс жасау үшін 1 : 4 арақатынасында сұйылтып қолданылуы мүмкін (спирт және су).

Хирургиялық құралдарды стерилизациялау үшін сұйылтылмаған 95% спирт пайдаланылады.

Оттан алыс жерде пайдалану керек, жеңіл тұтанады.

Артық дозалануы

Жергілікті қолданған кезде артық дозалану мүмкіндігі аз

Шығарылу түрі және қаптамасы

50 мл, 100 мл мойны бұрандалы, бұралып жабылатын пластмасса қақпағы мен полиэтилен тығынмен тығындалған күңгірт шыны массадан жасалған құтыларда. Медициналық қолданылу жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге топтық қаптама мен тасымалдау ыдысында.

Сақтау шарттары

Құрғақ, оттан алыс жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Босатылу шарттары

Рецептсіз - 50 мл

Рецепт арқылы – 100 мл

Өндіруші

«Сұлтан» ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы,

Талғар ауданы, Еркін ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 5.

Тіркеу куәлігінің иесі

«Сұлтан» ЖШС, Қазақстан

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

«Султан» ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Талғар ауданы, Еркін кенті, Б.Момышұлы к-сі, 5.

Телефон, факс, (727) 305-48-65/-80, 304-98-32

E-mail: toosultan@list.ru